

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес қарызды қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1381 қаулысы

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңының 25-1-бабына сәйкес, "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жол-құрылыс техникасын сатып алуы" инвестициялық жобасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен "Қазақстан Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамы ұсынған мемлекеттік емес қарызды өтеуге республикалық бюджеттен қаражат оқшауландыруды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақавтожол" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) 431420 (төрт жүз отыз бір мың төрт жүз жиырма) АҚШ доллары мөлшеріндегі негізгі борыштың бір бөлігін және 167265 (бір жүз алпыс жеті мың екі жүз алпыс бес) АҚШ доллары мөлшеріндегі сыйақыны өтеу мерзімін 2004 жылғы 29 наурызға дейін ұзарту жолымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен "Қазақстан Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамы ұсынған мемлекеттік емес қарызды қайта құрылымдау туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Кәсіпорынға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша "Қазақстанның Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамымен қайта құрылымдауды жүргізу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуді қамтамасыз ету ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі